

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда статистикасын жүргізу мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 126 қаулысы

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 421-бабына сәйкес, сыртқы сауда статистикасын, сондай-ақ ұлттық шоттар мен төлем теңгерімі жүйесін қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды жетілдіру әрі үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 71 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1.1. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі:

1) ай сайын есепті кезеңнен кейінгі 36-күнге Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасының (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН) он мәнді цифрлық кодына сәйкес елдер мен тауарлар бөлінісінде кедендік жүк декларацияларының негізінде Қазақстан Республикасы сыртқы сауданың кедендік статистикасын электронды түрде және "Кедендік жүк декларацияларының негізіндегі сыртқы сауда көрсеткіштері" бюллетенін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынсын;

2) тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 25-күнге ТМД аймағын бөліп көрсете отырып, есепті тоқсан үшін экспорт пен импорттың жиынтық көлемдері жөніндегі деректерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынсын;

3) келісімде айтылатын тізбеге, форматтарға және мерзімдерге сәйкес сыртқы сауда кедендік статистикасының іріктелген көрсеткіштері бойынша деректерді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынсын";

2-тармақтағы "Энергетика," деген сөз алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті:

1) 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап халықаралық әдіснамаға сәйкес Қазақстан Республикасының сыртқы сауда статистикасын қалыптастыруды және ай сайынғы бюллетеньдердің, жедел ақпараттың, сондай-ақ сыртқы сауда кедендік статистикасының тоқсан сайынғы және жылдық бюллетендерінің жариялануын жүзеге асырсын;

2) ай сайын Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне:
есепті кезеңнен кейінгі 28-күнге:

ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН он мәнді цифрлық кодына сәйкес тауарлар, елдер, аумақтар бөлінісінде (әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктемесі бойынша) кедендік жүк декларацияларының негізінде электронды форматтағы дерекқорды, қағаздағы және электронды түрде "Кедендік жүк декларацияларының негізгі сыртқы сауда көрсеткіштері" бюллетені мен негізгі елдер - сауда әріптестері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты және импорты жөніндегі жедел-ақпаратты; есепті кезеңнен кейінгі 35-күнге "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы" баяндамасының сыртқы сауда жөніндегі бөлімін ұ с ы н с ы н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 38 Қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі 2004 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде 2003 жыл үшін сыртқы сауда статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыруды аяқтасын.

4. Осы қаулы, 2004 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақты қоспағанда, қол қойылған күнінен күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі